

## Коммуналдық мешілкке келіп түсken, қaraусыз қалған жануарларды келіп түсү және пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы N 12-967 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментімен 2014 жылы 24 қантарда N 2562 болып тіркелді

### Р К А О ескертпесі.

**Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" "Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 49-ө "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Өкіміне сәйкес Талғар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық мешілкке келіп түсken, қaraусыз қалған жануарларды келіп түсү және пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Джумагулов Талғат **Джапашұлына** жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*P. Садыкова*

**КЕЛІСІЛДІ:**

басшысы

"Талғар ауданының ветеринария  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
Арынбаев Марат Жаманкулович

23 желтоқсан 2013 жыл

"Талғар аудандық қаржы  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
Манамуратов Қанат Манамуратович

басшысы

23 желтоқсан 2013 жыл

Талғар

ауданы

әкімдігінің

2013

жылғы

23

желтоқсандағы

N 12-967 қаулысымен бекітілген

# **Коммуналдық мешіткек келіп түсін, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына сәйкес өзірленді және коммуналдық мешіткек келіп түсін қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес, адам бағында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде, олар аудандық коммуналдық мешіткек түседі және осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

## **2. Жануарлардың аудандық коммуналдық мешіткек келіп түсу тәртібі**

3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық мешіткек келіп түсүі қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-тапсыру актісінде аудандық коммуналдық мешіткек түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Қабылдау-тапсыру актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, кент, селолық округ әкімі (бұдан әрі- әкім), "Талғар ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Талғар аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысыу кезінде жасалады. Қабылдау-тапсыру актісін қаржы бөлімінің басшысымен бекітіледі.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

## **3. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру**

5. Аудандық коммуналдық мешіткек түсін жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды аудандық коммуналдық мұліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеке енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы бөлімі жүзеге а с ы р а д ы .

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарларды аудандық әкімдіктің қаулысы негізінде тиісті әкімдер аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу

Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау - тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

#### **4. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі**

7. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз б е р у ;

2 ) аукцион арқылы сату ;

3 ) сауда ұйымдары арқылы сату ;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

8. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудандық әкімдіктің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

#### **5. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі**

9. Жануарлар аудандық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол тиісті жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

10. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды күтімге алуға байланысты шығыстарды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

11. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік иесіне өтеледі. Бұл ретте жануарларды бағуға байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

12. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен экономика және қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен ресімделеді.

#### **6. Қорытынды**

13. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК